

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
THE MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN**

**Л.Н.ГУМИЛЕВ ат. ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 20-жылдығына және экономика ғылымдарының докторы, профессор, ХАА және Ресейлік Жаратылыстану Академиясының академигі, «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі Садвокасова Куляш Жабыковнаның 60-жас мерейтойына арналған «Жаңа нақты жаһандық жағдайда Қазақстан Республикасының қаржы-несие жүйесінің дамуы»

Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының

ЕҢБЕКТЕРІ

ТРУДЫ

Международной научно-практической конференции

«Развитие финансово-кредитной системы Республики Казахстан в условиях новой глобальной реальности», посвященную 20-летию ЕНУ им. Л.Н.Гумилева и 60-летию доктора экономических наук, профессора, Академика МАИН и Российской Академии Естествознания, заведующей кафедрой «Финансы» Садвокасовой Куляш Жабыковны.

WORKS OF THE

international scientific- practical conference

"Development of the financial - credit system of the Republic of Kazakhstan in the new global reality", dedicated to the 20th anniversary of L.N. Gumilyov ENU and the 60th anniversary of Sadvokasova Kulyash Zhabykovna, doctor of economic sciences, professor, IA academician, academician of the Russian Academy of Natural Sciences and head of the department "Finance".

2 часть

Астана – 2016

Л.Н.ГУМИЛЕВ ат. ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Л.Н. ГУМИЛЕВ ат. ЕҰУ ЖАНЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ СОВРЕМЕННЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ЕНУ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
IMS OF LN GUMILYOV ENU

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ
ECONOMIC RESEARCH INSTITUTE



Орынбор мемлекеттік университеті
Оренбургский государственный университет
Orenburg State University



Пенза мемлекеттік университеті
Пензенский государственный университет
Penza State University



Тыва мемлекеттік университеті
Тувинский государственный университет
Tuvan State University



БМУ бизнес пен технология менеджменті институты
Институт бизнеса и менеджмента технологий БГУ
School of business and management of technology of BSU



Ресей халықтар достығы университеті
Российский Университет дружбы народов
Peoples' Friendship University of Russia



ТРУДЫ

Международной научно-практической конференции

«Развитие финансово-кредитной системы Республики Казахстан в условиях новой глобальной реальности», посвященную 20-летию ЕНУ им. Л.Н.Гумилева и 60-летию доктора экономических наук, профессора, Академика МАИН и Российской Академии Естествознания, заведующей Кафедрой «Финансы» Садвокасовой Куляш Жабыковны.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 20-жылдығына және экономика ғылымдарының докторы, профессор, ХАА және Ресейлік Жаратылыстану Академиясының академигі, «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі Садвокасова Куляш Жабыковнаның 60-жас мерейтойына арналған «Жаңа нақты жаһандық жағдайда

Қазақстан Республикасының қаржы-несие жүйесінің дамуы»

Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының

ЕҢБЕКТЕРІ

WORKS OF THE

international scientific- practical conference

"Development of the financial - credit system of the Republic of Kazakhstan in the new global reality", dedicated to the 20th anniversary of L.N. Gumilyov ENU and the 60th anniversary of Sadvokasova Kulyash Zhabykovna, doctor of economic sciences, professor, IA academician, academician of the Russian Academy of Natural Sciences and head of the department "Finance".

ӘОЖ 336.13.012.24 (574)

УДК 336.13.012.24 (574)

ББК 65.9.(5каз)я431

«Жаңа нақты жаһандық жағдайда Қазақстан Республикасының қаржы-несие жүйесінің дамуы» Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының еңбектері- Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016 .-595 б.

Труды международной научно-практической конференции «Развитие финансово-кредитной системы Республики Казахстан в условиях новой глобальной реальности», Астана: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2016.-595 с.

Works of the international scientific- practical conference "Development of the financial - credit system of the Republic of Kazakhstan in the new global reality", - Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016.-p.595.

Редакция алқасы:

САПАРОВА Б.С.– төрағасы, э.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының профессоры

КУЧУКОВА Н.К. - төраға орынбасары, э.ғ.д., ХАА академигі, РЖА академигі, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының профессоры

САДВОКАСОВА К.Ж. – э.ғ.д., профессор , ХАА академигі, РЖА академигі, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі

АХМЕТЖАНОВА С.Б.- э.ғ.д., профессор, Ғылыми экономикалық сараптама орталығының директоры, Экономикалық зерттеулер институты

СЫДЫҚНАЗАРОВ М.Қ.- ф.ғ.к., саясаттану PhD, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы Заманауи зерттеулер институтының директоры

КОРОЛЕВ Ю.Ю. – э.ғ.к., доцент, БМУ Бизнес пен технология менеджменті институтының «Бизнес-администрирование» кафедрасының меңгерушісі

ПАРУСИМОВА Н.И. – э.ғ.д., профессор, Орынбор мемлекеттік университетінің «Банковское дело и страхование» кафедрасының меңгерушісі

КУЗНЕЦОВА Т.Е. - э.ғ.к., доцент, Пенза мемлекеттік университетінің кафедрасының меңгерушісінің орынбасары

ДОНГАК Ч.Г. - э.ғ.к., доцент, Тыва мемлекеттік университетінің «Экономика и менеджмент» кафедрасының меңгерушісі

ЖАМИЕВА А.Е. –хатшы, экономика магистрі, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының аға оқытушы

ISBN 978-601-7121-75-4 (ч.2)

ISBN 978-601-7121-71-6 (общ.)

УДК 336.13.012.24 (574)

ББК 65.9.(5каз)я431

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016

© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2016

ШЫҒЫНДАРДЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСҚАРУ

Омашева А.Б., Сулейменов Ж. М.,
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана,
Республика Казахстан,
zerek97@mail.ru, 87018811655@mail.ru

SCM тұрғысынан алып қарағанда қосымша құн концепциясының келесі екі үлкен кемшілігі бар: ол өте ерте басталады және біршама кеш аяқталады.

Шығындарды стратегиялық басқарудың концепциясы (бұдан әрі қарай— SCM, Strategic Cost Management) салыстырмалы түрде жуық арада пайда болған және ол қазіргі уақытта тәжірибе жүзінде қолдануға арналған кеңес ретіндегі алдыңғы консалтингтік фирмалармен қолданылып келеді. Осы жүйенің негізгі ережелері кәсіпорын стратегияларының негіздеріне негізделген және олар стратегиялық менеджменттің бастапқы ұғымдары мен қағидаларына тиісті болады [1]. SCM пайда болуы стратегиялық менеджменттің келесі үш бағытының: құндылықтар тізбегіне талдау жасаудың, стратегиялық позициялау, шығындарды анықтайтын, факторларға талдау жасап және басқарудың қосылуы нәтижесінде пайда болды.

Қызмет түрлерінің келісілген жинағын, М.Портердің [2] құндылықтар тізбегі деп түсінетін боламыз, олар тұтынушыға қызмет етуді қоса алғанда, соңғы тұтынушыға жеткізілген, дайын өнімге дейін берілген кәсіпорынның жеткізушілеріне арналған шикізаттың бастапқы бастамаларынан бастап, кәсіпорынға арналған құндылықтарды білдіреді. Сонымен қатар нақты кәсіпорынның аумағынан шығатын, біршама ауқымды болатын, үрдістерге ғана өз назарымызды аударатын боламыз.

Стратегиялық жағдай жасау бәсекелі артықшылықтарды құру кезіндегі стратегиялық таңдауды жүргізуге байланысты кәсіпорын шығындарын басқаратын үрдістерге әсер етеді. Портердің пікірі бойынша, кәсіпорын бәсекелі ортада немесе төмен шығындарды қолдай отырып (шығындардың негізіндегі үстемділік), немесе бәсекелестердің өнімдерінен асып түсетін алуан түрлі өнімді (өнім дифференциациясының стратегиясы) тұтынушыларға ұсынып, жетістікке жете алады.

Әрине шығындарды басқаруға қатысты тәсілдер стратегиялық жағдайдың жасалуына байланысты ерекшеленуі мүмкін. Шығындарды анықтайтын факторларды басқару және оларға талдау жасау, жұмыстардың келесі жағдайларын болжайды, олар шығындарды кеміту есебінен жоғары пайдаға қол жеткізу тұрғысынан алып қарағанда, оның тиімділігі мен кәсіпорынның жұмыс жасаушы мүмкіндіктерінің біршама жағымды үйлесімін қамтамасыз етеді. SCM-ге қарағанда шығындарды басқаруға қатысты қолданыстағы тәсілдің маңызды айырмашылығы неде болып табылады? Айырмашылық шығындарды басқару үрдісіне қатысты басқа көзқарастың бар болуын білдіреді. Шығындарды басқару парадигмасының өзгеретіндігі жайлы айтуға болады. SCM және қолданыстағы жүйеге байланысты негізгі айырмашылықтарды атап өтейік. Мақсатты тұрғыдан алып қарағанда айырмашылықтың бар болуы. Бәсекелі артықшылықтарға қолжеткізіп және кез-келген жолмен шығындардың төмендетілуін сақтап қалу тәсілі, қолданыстағы тәсілдің аумағындағы мақсаты болып табылады. SCM аумағындағы осы мақсаттың да алатын орны бар, бірақ шығындарды басқаратын жүйенің жоспарлануы кәсіпорынның негізгі стратегиялық түрде жүзеге асырылуына баланысты: шығындарға қатысты бастама алып немесе өнімнің дифференциациясы түрінде біршама өзгеріп отырады. Сонымен қатар, стратегиялық бағыттардың әрқайсысының аумағында, егер бұл фирманың өзге де бәсекелі артықшылықты иеленуіне немесе басқа қатысушылар үшін шығындардың біршама төмендетілуіне септігін тигізетін болса, онда құндылықтар тізбегінің қандай да бір аймағындағы шығындар мәнінің арттырылуын жоспарлау мүмкін болады.

Шығындарға талдау жасау тәсілдерінің тұрғысынан алып қарағанда айырмашық бар болады. Қолданыстағы тәсілде өндірістік бөлімшеге немесе өнім бірлігіне шаққандағы, шығындар сомасының (өзіндік құнның) бағалануы жүзеге асырылады. Осындай жолмен кәсіпорынның ішкі жағдайына назар аударылады. Қосымша құндылықтың (немесе құнның) концепциясы маңызды рөл атқарады. Осы концепцияға сәйкес, шығындарға әкелетін қызметтің барлық түрлерінің, қосымша құндылықты тудыратын (сәйкесінше олардың бар болуы ақталған) және қосымша құндылықты әкелмейтін түрлерге бөлінетіндігін еске түсіре кету керек. Шығындарды төмендету тұрғысынан алып қарағанда, соңғы түрлері біршама болашағы бар болып қарастырылады. SCM аумағында құн құндылықтардың ортақ тізбегінің әртүрлі кезеңдері тұрғысынан алып қарағанда қарастырылып, кәсіпорын мен оның бөлімшесі соның бөлігі болып табылады. Қосымша құнның концепциясы өте тар аумақты және тіпті кейде қауіпті нәрсе ретінде қарастырылады.

Шығындардың әрекет ету сипаттамасы тұрғысынан алып қарағандағы айрымашылықтар. Қолданыстағы жүйенің аумағында шығындар басты түрде өнім көлемінің функциясы ретінде қарастырылатын болады. Осыған байланысты ауыспалы, тұрақты және аралас шығындарға негізделген түрде талдау жүргізіледі.

Өнім көлемі шығындардың пайда болуының төменгі факторы ретінде қарастырылады. SCM тұрғысынан алып қарағанда шығындар ең алдымен стратегиялық таңдау жасауға тәуелді болады. Осыған байланысты олар біршама ортақ құрылымдық және қызмет етуші факторлардың функциясы болып саналады. Келесі сәтте SCM негізгі тарауларының сипаттамасы келтіріледі. Құндылықтар тізбегі концепциясының қолданылуы. Шығындарды басқарудың қолданыстағы жүйесі, кәсіпорын ішіндегі-оның сатып алуларына, қызметтеріне, бұйымдарына, тұтынушыларына байланысты болатын үрдістерге назар аудартады. Басқа сөзбен айтқанда, кәсіпорынның басқару есебі, жеткізушілерден келіп түсетін ресурстардан басталып, тұтынушылардан келіп түсетін төлемдерді алумен аяқталатын, құндылықтарды қосу кезеңдерін қарастыратын болады. Сатып алулар мен сатылымдар арасындағы ең жоғарғы айрымашылыққа (қосымша құнға) дейін жеткізу, маңызды сәт болып табылады.

Құндылық тізбегінің концепциясы қосымша құнның концепциясынан түбегейлі түрде ерекшеленеді. SCM тұрғысынан алып қарағанда қосымша құн концепциясының келесі екі үлкен кемшілігі бар: ол өте ерте басталады және тым кеш аяқталады. Шын мәнінде сатып алу мерзімінен бастап, шығындарға талдау жасаудың басталуы жеткізушілер жұмысының жағдайлары мен өз мүдделеріндегі байланыстарды қолдануға мүмкіндік бермейді. Шығындар бойынша белгілі бір артықшылықтарға қол жеткізе отырып және жеткізушілердің жұмысына қол жеткізе отырып (солардың пайдасы үшін) кәсіпорын біршама артықшылықтарды иеленеді. Басқа бір жағынан, сатылымнан кейін клиенттерге қызмет көрсете отырып, кәсіпорын өзінің бәсекелі артықшылықтарын едәуір кеңейте алады. Осылайша кәсіпорынға белгілі бір клиенттерді ұзақ мерзімге «еліктірудің» әрекеттері жасалуы мүмкін.

Өзінің классикалық «бейнелік» түрінде құндылықтардың тізбегі келесі түрде болады. Стратегиялық көзқарас тұрғысынан алып қарағанда құндылықтар тізбегінің концепциясы, қосымша құнның концепциясына қарағанда кем дегенде, пайданы көбейтудің келесі төрт бағытын болжайды: жеткізушілермен байланыс, тұтынушылармен байланыс, кәсіпорынның белгілі бір бөлімшесінің құндылықтар тізбегінің ішіндегі технологиялық байланыстар, кәсіпорын ішіндегі бөлімшелердің құндылықтар тізбегінің арасындағы байланыс. Соңғы екі факторларға тоқтала отырып, келесіні атап өту керек, осы тәсілдің аумағында жалпы шығындарды кемітуге әкелетін экономикалық қызметтің бір түрі ретіндегі шығындарды осы үрдісте қалай артқандығын негіздеуге және оған талдау жасауға мүмкіндік пайда болады. Осындай шешімнің жақсы мысалы — компьютерлік жүйені есепке алу және есеп беруді орнату болып саналады, ол есептік және есеп беретін операциялардың үлкен көлемін автоматтандыру жолымен, жалпы алғанда кәсіпорынның әкімшіліктік және жалпы шығындарын жалпы түрде қысқартады. Бұған қоса келесіні атап өту қажет, нақты осындай негізделуді өз өнімдерін сату үшін көптеген IT-фирмалары қолданады. Құндылықтар тізбегін қолданудың жалпы методологиясы келесі кезеңдерден тұрады. Осы саланың құндылықтар тізбегін құру және тізбектің буыны болып саналатын, экономикалық қызметтің барлық түрлеріне арналған шығындарды, табыстарды және активтерді бекіту жүзеге асырылады. Экономикалық қызметтің әрбір түрін ретке келтіретін, шығынды құрайтын факторлар бекітіледі. Тұрақты бәсекелі мүлікті немесе бәсекелестерге қарағанда шығындар факторларын жақсы басқару, немесе құндылықтар тізбегін құрылымдастыру жүзеге асырылады. Алғашқы кезең SCM барлық үрдісі үшін негізгі болып табылады. Жалпы алғанда фирманың бәсекелі түрдегі артықшылығы саланың деңгейінде біршама зерттелмеуі мүмкін. Құндылықтар тізбегі қызметтің бөлек стратегиялық түрлеріне нақты саланы бөлмейді. Шығындарға талдау жасаудың бастапқы түрі - бұл экономикалық қызметтің (құндылықтар тізбегінің буыны) әрбір түріне арналған шығындарды, табыстарды және активтерді бекітіп және нақты саланың құндылықтар тізбегін анықтау болып табылады.

Шығындарды стратегиялық басқару (SCM), стратегиялық менеджмент концепциясының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және ол өзі жүзеге асырылатын, сыртқы ортаның қауіптерін және мүмкіндіктерін ұйымдастырып, меншікті ресурстық негізді үйлестіруге негізделген, стратегиялық таңдау түрі орталық буын, шығындар бойынша стратегиялық шешімдерді қабылдаудың және жүзеге асырудың үрдісін білдіреді. Осындай жолмен, SCM шаруашылық етуші субъектінің стратегияларын қалыптастыру және жүзеге асыру кезіндегі қосымша қызметтерді атқарады.

Заманауи жағдайларда ұйым тәжірибе жүзінде: өндірістік, тауарлық, бағалық және т.б. стратегиялардың көптеген түрлерін жүзеге асырады. Дегенмен кез-келген стратегияның негізінде бәсекелі артықшылықтар жатыр немесе олар жатуы мүмкін. Бәсекелі артықшылық – бұл нарықтағы шаруашылық етуші субъектінің жағдайы болып табылады, ол сатып алушыларды тартып және бәсекелі күшті жеңуге мүмкіндік береді. Көп жағдайда бәсекелі артықшылықтарды басқару, стратегиялық басқару сияқты анықталады. Осылайша, стратегиялық деңгейде шығындарды басқару, шығындар бойынша бәсекелі артықшылықты құруға тығыз байланысты болады. Шаруашылық етуші субъектінің «шығындар бойынша бәсекелі артықшылығы» термині, оның нақты және болжамды бәсекелестерінің шығындарынан төмен, барлық бизнес-қызметтерін жүзеге асырған кезде, шаруашылық етуші субъектінің жинытықтағы шығындарын білдіреді. Көптеген отандық және шетелдік зерттеушілердің жұмыстарында, SCM шаруашылық етуші субъектінің қолайлы жұмыс жасауына қажетті жағдайлардың бірі ретінде қарастырылады. Осылайша М. Портердің, А. Томпсонның, А. Стриклендтың жұмыстарында, ұйымның бастапқы стратегияларының бірі ретінде «шығындар бойынша басымдылық стратегиясы» қарастырылады, ал Г. Азоевтың жұмыстарында - бұл «өзіндік құнды төмендету стратегиясы» болып қарастырылады. Өкінішке орай, қазіргі уақытта көптеген біршама ресейлік кәсіпорындар SCM проблемаларына әлі айтарлықтай қызығушылық танытып жүрген жоқ, яғни олар сатылым бағаларының жоғары деңгейінің жағдайында сатылым рентабельділігін қамтамасыз етеді. Ішінара бұл келесімен түсіндіріледі, инфляцияның жоғары деңгейінің жағдайында шығындарды тиімді түрде басқару мүмкін емес болып табылады. Дегенмен инфляция қарқынын төмендету шамасы бойынша, ол шығындарды төмендетуге бағытталғандықтан, ол шаруашылық етуші субъектісі үшін біршама болашағы бар болып табылады, бұл дезинфляция жағдайында (инфляция қарқындарын төмендету) немесе дефляция жағдайында (инфляцияға қарама-қарсы үрдіс, ол бағалар деңгейінің төмендетілуімен немесе олардың өсуінің тоқтатылуымен сипатталады), шетелдік дамыған елдер үшін тән болып, көптеген компаниялардың негізін қалаушы буыны ретінде 5-10% шығындарды төмендету стратегиясын білдіреді.

SCM аумағындағы өзіндік құн көптеген факторлармен анықталады және басқарылады, яғни олар бір-біріне өзара әсер етеді. Қолданыстағы басқару есебінде және шығындарды басқару кезінде тағы бір артықшылығы бар фактор қарастырылады-ол өндірістік немесе коммерциялық үрдістің ішіндегі шығындардың пайда болу себептерімен үйлесе отырып, өнім көлемін білдіреді. Бұл, әрине, пайдалы болып табылады, бірақ оның шығындарды басқару үрдісінің нәтижесіне келтіретін шексіз әсері бар, себебі ол шығындарды тұрақты және ауыспалы түрлерге бөлуге, сондай-ақ салынған табыстың (маржалық) шамасын, қауіпсіздік қоры мен өзге де ұқсас көрсеткіштерді бекітуге бағытталады.

SCM-дегі шығынды құраушы факторлардың негізі келесіге бағытталады, яғни шығындарға талдау жасаған кезде, шығындардың пайда болу себептерінің біршама жоғары деңгейіне көтерілуі қажет болады. Бұл жағдайда келесі мүмкіндік жүзеге асырылады, жоғары деңгейде дұрыс стратегиялық шешімді қабылдай отырып (мысалы, технологияны өзгертіп), «бір әрекетті қолданып» төменгі деңгейдегі көптеген көлемді факторлардан (өндірістік немесе коммерциялық шығындардың бастамаларынан) құтылуға болады. Бұл әрекет түрі, әсіресе жоғары буынды басшылардың әрекеті жағынан пайда болатын, қызығушылықты тудыратын болады. Тек келесіні есте сақтау қажет, маңызды стратегиялық шешім көп жағдайда үлкен көлемді инвестициялық шығындарға әкеледі, және әрбір нақты жағдайда, тиісті түрдегі инвестициялық жобаны қарастырғанда, осы шешімді мұқият тексеріп және негіздеу қажет болады. Функционалдық факторлар шығындарға айтарлықтай әсер етеді, яғни олар кәсіпорынға және оның табысты түрде жұмыс жасау қабілеттілігіне байланысты пайда болатын шығындарға әсер ететін болады. Барлық функционалдық факторлар үшін «артық» деген сөз, әрдайым «жақсы» деген мағынаны білдіреді. Функционалдық факторлардың тізіміне келесілер кіреді: а) жұмыс күшін тарту — шығындар тұрғысынан алып қарағанда, тұрақты жетілдіруге қатысты міндеттемелерді жұмысшылардың қабылдап алуы; б) сапаны кешенді түрде басқару — бұл бәсекелі артықшылықты қамтамасыз ететін, маңызды факторлардың бірі ретіндегі сапаның өнімі жайлы түсініктің қалыптасуы;

с) қуатты тиімді түрде қолдану — кәсіпорында бар нұсқалардың ішіндегі ең жақсысын таңдап алу;

д) ішкі зауыттық логистика тұрғысынан алып қарағанда, кәсіпорын тиімділігін жоспарлау;

е) кәсіпорын шығындары мен құндылықтар тізбегіне қатысты тапсырыс берушілер мен жеткізушілердің байланысын қолдану.

SCM аумағында тұрақты бәсекелі артықшылықты дамытудың келесі екі түрлі тәсілі: шығындар мен өнім дифференциациясының үстемшілігі қолданылады.

Әрине, әрдайым нақты кәсіпорынға арналған сол немесе өзге бір факторға талдау жасалмауы мүмкін. Сонымен қатар, шығындарды төмендетуге байланысты пайда болатын факторлардың әрқайсысын басқару, әрқашан табысты бола бермейді.

Осындай жолмен, шығындарды стратегиялық басқару, шығындарды басқару мен бақылаудың заманауи және күшті құралы екендігін біз көріп отырмыз. Көптеген кәсіпорындарда кеңінен таралған қолданыстағы басқару есебіне қарағанда, осы тәсілдің көптеген әдістерінің қатты ерекшеленетіндігіне қарамастан, жалпы алғанда ол стратегиялық менеджменттің элементтеріне негізделеді және ол айтарлықтай жаңа бір нәрсе болып табылады. Дегенмен, SCM тәсілі, тамаша жетілген тәсіл емес, яғни ол басқару есебі тұрғысынан алып қарағанда, өте кең ауқымды тәсіл болып саналады. Бұл шығындарды стратегиялық басқаруды қолдануды біршама тиімді етеді.

Әдебиет:

1. Каверина О.Д., Патров В.В. Стратегиялық басқару есебінің проблемалық мәселелері. Санкт-Петербург. Экономика және басқару. №5(79). 2012.66-67 бет.
2. Трубочкина М.И. Кәсіпорынның шығындарын басқару. Санкт-Петербург. Экономика және басқару. №7(95). 2014.35-38 бет.

МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕЛЕРДЕ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Өтегенова Г. Н., Екпін Ф. Қ.

«НАРХОЗ» Университеті, otegenova.gulsezim@mail.ru, galia96.93@mail.ru

Ұйымдар мен мемлекеттік мекеме қызметінің дұрыс және жоспарлы түрде жүзеге асырылуы үшін, қаржы жағдайындағы өзгерістер мен қызмет нәтижелері туралы толық және анық ақпарат беру мақсатында жүргізілетін бухгалтерлік есептің салалық ерекшеліктері болады. Бұл мақаланың мақсаты мемлекеттік ұйымдардың бухгалтерлік есебін ХҚЕС-на сай жүргізудің ерекшеліктері.

Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есебінде операциялар мен оқиғалар Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы № 281 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6314 болып тіркелген) Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп шоттарының жоспары негізінде көрсетіледі. Мемлекеттік мекеменің басшысы бухгалтерлік есепті дұрыс жүргізу үшін жағдайлар жасайды, есепке қатысы бар мемлекеттік мекемелердің барлық бөлімшелерінің және қызметкерлерінің құжаттар мен мәліметтерді есепке алу үшін рәсімдеу мен ұсынудың тәртібіне қатысты талаптардың мүлтіксіз орындауын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік мекемеде бухгалтерлік есепті оның дербес құрылымдық бөлімшесі болып табылатын мемлекеттік мекеменің бухгалтерлік қызметі немесе бас бухгалтер басқаратын орталықтандырылған бухгалтериясы жүзеге асырады. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісім бойынша өз жүйесінің мемлекеттік мекемелерінде олардың қызметінің ерекшелігін ескере отырып және мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізуді және есеп саясатын сақтай отырып, бухгалтерлік есеп жөніндегі жалпы ережелерді қолдану тәртібі туралы нұсқаулар беруі мүмкін. Орталықтандырылған есепке алу бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бұйрығымен бекітілетін орталықтандырылған бухгалтерия туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

Бас бухгалтер мемлекеттік мекеме басшысымен бірлесіп банк құжаттарына және материалдық құндылықтарды және ақша қаражатын қабылдау мен беруге негіз болатын құжаттарға, сондай-ақ қаржы міндеттемелері мен мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға қол қояды. Мемлекеттік мекеменің басшысы бас бухгалтердің ұсынымы бойынша банк құжаттары мен бухгалтерлік құжаттарға қол қою құқығын уәкілетті тұлғаларға бере алады. Осы өкілеттіктер мемлекеттік мекеме басшысының бұйрықтары негізінде жүргізіледі. Бас бухгалтердің немесе оны алмастыратын тұлғаның қолтаңбасыз құжаттар жарамсыз болып есептеледі және орындалуға қабылданбайды [1].

Бас бухгалтер атқаратын лауазымынан босатылған (жұмыстан шығарылған, басқа жұмысқа тағайындалған, ауыстырылған) кезде Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасына сәйкес лауазымға